



11 сынып оқушылары арасындағы Қазақстан тарихынан VIII облыстық олимпиада туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже олимпиаданың мақсаттарын, міндеттерін, статусын, ұйымдастыру және өткізу тәртібімен, оның ұйымдық жағынан қамтамасыз етуін, Олимпиадаға қатысу тәртібімен, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

1.2. Олимпиаданы ұйымдастырушысы «Қазақстан – Американдық еркін университеті» болып табылады.

1.3. Олимпиадаға өз еріктерімен, өтеусіз негізде Өскемен қаласы және Шығыс Қазақстан облысының мектептерінің 11 сынып оқушылары қатысу мүмкіндігіне ие.

1.4. Олимпиада мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2. Олимпиада мақсаты мен міндеттері

2.1. Олимпиаданың мақсаты Шығыс Қазақстан облысындағы дарынды оқушыларды анықтау және қолдау, оқушылардың Қазақстан тарихынан білімдерін тереңдету және жетілдіру арқылы ұлттық біртектілікті дамыту, сонымен қатар тарихтағы мәдени объектілер және тарихи ескерткіштердің құндылықтары туралы білімдерін қалыптастыру арқылы жүзеге асыру болып табылады.

2.2. Олимпиада міндеттері:

1) Дарынды да талантты оқушыларды іздеу, қолдау және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау

2) Тарихи сауаттылықты меңгеру дағдыларын қалыптастыру.

3) Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушыларға ҰБТ-ға дайындалуға көмек көрсету.

3. Олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру тәртібі

3.1. Олимпиада **2025 жылғы 25 сәуірде** Қазақстан-Американдық еркін университетінің бас ғимараты, Өскемен қаласы, **М.Горький көшесі, 76 (ҚАЕУ) мекенжайы бойынша сағат 9.00-ден 13.00-ге** дейін өткізіледі.

3.2. Олимпиаданы өткізу «**Қазақстанның ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заман тарихы мен мәдениеті**» кезеңін қамтитын **3 түрлі** тапсырмаларды шешуден тұрады:

I айналым – Компьютер сыныбында <https://moodle.kafu.edu.kz/> платформасы арқылы **тест сұрақтарын шешуді** қамтиды. Әрбір дұрыс орындалған тапсырмаға (25 сұрақ) екі балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл. Тест үшін жоғарғы балл – 50. Тестке 30 минут уақыт беріледі.

II айналым – Логикалық тапсырмалар түрінде болады. Оларға мыналар жатады:

1. Картамен жұмыс. Дұрыс орындалған тапсырмаға 10 балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл.

2. Қара жәшік. Әрбір дұрыс орындалған тапсырмаға 2 балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл.

3. Көрнекті орындар. Әрбір дұрыс орындалған тапсырмаға 5 балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл.

4. Анаграммаларды шешу. Әрбір дұрыс орындалған тапсырмаға 1 балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл.

5. «Жанды» сұрақ. Әрбір дұрыс орындалған тапсырмаға 5 балл беріледі. Егерде тапсырма дұрыс орындалмаса, онда нөл балл.

Логикалық тапсырмаларды шешудің максималды жиынтық бағасы - 50 балл. Бұл тапсырмаға 30 минут бөлінеді.

III айналым – Сөзжұмбақ шешу. Сөзжұмбақ шешу үшін әрбір дұрыс орындалған жауапқа 1 балл беріледі (25 сұрақ). Егер тапсырма дұрыс орындалмаса - нөл балл. Осы тапсырма үшін ең жоғарғы баға - 50 балл. Бұл тапсырмаға 30 минут бөлінеді.

3 айналымдағы барлық тапсырмалардың жиынтық максималды бағасы - 150 балл.

3.3. Олимпиаданың жеңімпаздары болып ең жоғары балл жинаған 3 қатысушы жарияланады.

4. Олимпиаданың алқасы

4.1. Олимпиада қатысушыларының жұмысын тексеру үшін Олимпиада алқасы құрылған, онда Қазақстан-Американдық еркін университеті, Д. Серікбаев ат. Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Шығыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының «Тарихи-өлкетану мұражайы» КМҚК, А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапхана өкілдері қатысады.

5. Олимпиаданы қортындыласақ.

5.1. Жұмыстарды тексеру және бағалау әр кезең аяқталғаннан кейін Олимпиада алқасының мүшелерімен жүзеге асырылады. Қазылар алқасының мүшелері жұмыстарды бағалаудың сапасы мен объективтілігіне, нәтижелерді уақтылы беруіне жауапты.

5.2 Олимпиада аяқталғаннан кейін жеңімпаздар Қазақстан-Американдық еркін университетінің кез келген білім беру бағдарламасына түскен кезде оқуға жеңілдік беретін дипломдармен және ҚАЕУ Президентінің грантымен марапатталады.